



201 8 ЖЫЛҒЫ 7 қыркүйек

Астана, Үкімет Үйі

от « » 201 года

№ 11-9/1112 зп

№

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі**

2018 жылғы 24 сәуірдегі № 8-5-299

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
депутаттарының түзетулеріне қорытынды**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – заң жобасы) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлаймыз.


Депутаттардың түзетулері Конституцияның ережелеріне қайшы келмейді, әлеуметтік-экономикалық салдарларға алып келмейді және мемлекеттік шығыстардың ұлғаюын немесе республикалық және жергілікті бюджеттердің мемлекеттік кірістерінің қысқаруын болжамайды.

Салыстырмалы кестенің 6, 13, 14, 15, 21, 22, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 57, 58, 64, 65, 66, 72, 73, 74, 75, 76, 80, 86, 88, 89, 93, 94, 95, 96, 97, 99, 100, 102, 103, 104, 112, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 135, 146, 149, 151-позициялары бойынша депутаттардың түзетулері қолдау табады.

Жер кодексіне (бұдан әрі – ЖК), Орман кодексіне (бұдан әрі – ОК), Су кодексіне (бұдан әрі – СК), Экологиялық кодекске (бұдан әрі – ЭК), Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске (бұдан әрі – ӘҚБтК), «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (бұдан әрі – СжБК), «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы», «Өсімдіктер карантині туралы», «Ветеринария туралы», «Тұқым шаруашылығы туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Бланк сериялық нөміріс ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без сериального номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0008342 *



0008342 *
148
1112 Зақ. № 310. 23.06.2014 г.

туралы», «Мақта саласын дамыту туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Органикалық өнім өндіру туралы» заңдарға және заң жобасына берілген түзетулер:

мыналарды нақтылауды көздейді:

рекреациялық мақсаттағы жерлердің мақсатын реттейтін нормалар;

уәкілетті органдардың, ведомстволар мен олардың орман және су шаруашылығы саласындағы аумақтық бөлімшелерінің, ветеринария саласындағы уәкілетті органның, өсімдік карантині және өсімдіктерді қорғау бойынша инспекторлардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреттері;

«көпфакторлы зерттеп-қарау» мен көпфакторлы зерттеп-қарау жүргізілетін объектілер, «су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу бойынша бассейндік инспекциялар», «суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйіне мониторинг жүргізу және бағалау» ұғымдары;

арнайы су пайдалану шарттары;

пестицидтерді және тыңайтқыштарды пайдалану рұқсат етілмеген жерлер шегі;

ветеринария саласындағы қызметіне берілген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтату, одан айыру (қайтарып алу), сондай-ақ ветеринария саласындағы рұқсатты беруден бас тарту, одан айыру (қайтарып алу), рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтату, қайта іске қосу, тоқтата тұру жөніндегі нормалар;

сұрыптық егістер апробациясы мен тұқымдардың сұрыптық және егіс сапасын сараптау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру үшін мамандықтар;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі – ЕҚТА) санаттары;

мыналарды алып тастауды көздейді:

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкестендіру мақсатында СК 90-бабының 6-тармағы;

ӘҚтК 404-бабының 2-бөлігі;

Агроөнеркәсіптік кешен саласында зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымдарға қатысты «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңның 16-бабының жаңа 2-тармағы;

әуесқойлық (спорттық) балық аулауға және мелиорациялық аулауға рұқсат беру;

мемлекеттік зоологиялық парктерде жануарларды өсіру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша нормалар;

мақта талшығы сапасын куәландыратын құжат, сараптама ұйымы, шиті мақта мен мақта талшығы сапасына сараптама жүргізу функциясын бәсекелік ортаға беру, сондай-ақ мақта талшығын бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік қолдау;

мыналарды келтіруді көздейді:

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің

7-1-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның атауы;

заң жобасымен енгізілетін, заң техникасы мен өзгерістер талаптарына сәйкес заң жобасының нормалары;

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешіміне сәйкес рұқсат құжаттарының атауы;

ауыз сумен жабдықтау үшін жарамды жер асты суларын өзге де мақсаттар үшін пайдалануға мүмкіндік беретін айрықша жағдайларды айқындау;

ЕҚТА заңды тұлғасын айқындау;

бес жұмыс күні ішінде карантин режимін енгізе отырып, карантин аймағын белгілеу мерзімін анықтау;

облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жерлерді дамыту және пайдалану мәселелері бойынша іс-шараларды тиісті аумақты дамыту бағдарламасына қосуды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен мемлекеттік жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесі үшін пайдалану құзыретін беру;

мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің шектеулі шаруашылық қызмет аймағында бақ шаруашылығымен айналысуға рұқсат беру;

Кәсіпкерлік кодекске сәйкес (бұдан әрі – КК) астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астық сақтау, астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау жөніндегі нормалардың 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданысты болуы бөлігіндегі заң жобасының 2-бабына түзету;

Салыстырмалы кестенің 1, 5, 8, 11, 16, 17, 44, 87, 107, 108, 125, 134-позициялары бойынша түзетулер ішінара қолдау табады.

Салыстырмалы кестенің 1-тармағы бойынша

ЖК-нің 12-бабына «бау шаруашылығы», «бақ шаруашылығы» деген жаңа ұғымдарын енгізу бөлігіндегі түзетулер қолдау табады және мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«12-2) бау шаруашылығы – жер учаскесінде күрделі құрылыстар тұрғызу құқығынсыз, көпжылдық ағаш-бұта екпелерін қоспағанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін жүзеге асырылатын қызмет түрі;

«12-3) бақ шаруашылығы – жер учаскесінде күрделі құрылыстар тұрғызу құқығымен, ауыл шаруашылығы дақылдарын және көпжылдық ағаш-бұта екпелерін өсіру үшін жүзеге асырылатын қызмет түрі.

Бұл ретте құрылыстар мен құрылысжайлар алаңы бақ шаруашылығы үшін берілген жер учаскесі алаңының 20 пайызынан аспауға тиіс.».

Салыстырмалы кестенің 5-тармағы бойынша

ЕҚТА жерлерін босалқы жерлерге ауыстыруға негіз бөлігіндегі ЖК 122-бабы 2-тармағының төртінші бөлігіне түзетулер мынадай редакцияда ішінара қолдау табады:

«Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде шаруашылық қызметтің шектеулі режимі белгіленген учаскелерде ғана, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарын салу және олардың жұмыс істеуі үшін, сондай-ақ оларды орналастырудың басқа ықтимал нұсқалары болмаған кезде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы объектілерін салу, жайғастыру және олардың жұмыс істеуі, қорғаныс мұқтаждары үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен босалқы жерге ауыстыру жағдайларын қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін ауыстыруға жол берілмейді.»

Салыстырмалы кестенің 8-тармағы бойынша

Жер мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға қатысты ЖК-нің 162-бабына ұсынылып отырған түзетулер, мынадай редакцияда жаза отырып, ішінара қолдау табады:

«Жер мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды жоспарлау Жерді қашықтықтан зондтаудың, аэрофототүсірілімдердің, сондай-ақ жерүсті түсірілімдері мен байқаулардың алынған деректеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте жерлерді мониторингтеу жөніндегі жұмыстар:

1) топырақ құнарлылығының өзгеруіне (шөлейттенуге, су және жел эрозиясының дамуына, топырақтың қарашіріксізденуіне, қоректендіру элементтерінің төмендеуіне, тұздануға, батпақтануға, артық ылғалдануға және су басуға);

2) табиғи жемшөп алқаптарының өсімдік қабаты жай-күйінің өзгеруіне байланысты процестер байқалған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде басым тәртіппен жүзеге асырылады.»

Бұл ретте «Топырақтың пестицидтермен, ауыр металдармен, радионуклидтермен және басқа да улы заттармен, өнеркәсіптік, тұрмыстық және өзге де қалдықтармен ластануына, топырақтың басқа да қасиеттерінің өзгеруіне» деген сөздер алып тасталды, себебі, бұл жұмыстар ЭК-мен реттелетін экологиялық мониторингке жатады және жер мониторингінің нысанасы болып табылмайды.

Салыстырмалы кестенің 11-тармағы бойынша

Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағынан жекелеген жабайы өсетін өсімдіктерді және жабайы өсетін дәрілік шикізаттарды әкелу және әкету құзыретіне қатысты ОК 13-бабы 1-тармағының жаңа 18-49) тармақшасына Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік түрлерін қосу бөлігіндегі түзетулер ішінара қолдау табады.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген тауарларды әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) беруге арналған құзыретпен толықтыру ЕЭК Алқасының 2015 жылғы № 30 шешіміне қайшы келеді.

Осыған байланысты ОК 13-бабы 1-тармағының 18-49 тармақшасын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«18-49) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағынан жекелеген жабайы өсімдіктерді және жабайы өсетін дәрі-дәрмек шикізатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жабайы өсімдіктерді әкетуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) береді;»;

Салыстырмалы кестенің 16-тармағы бойынша

ОК 51-бабының жаңа 1-1-тармағының 3) - 5) тармақшаларына мемлекеттік орман қоры жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыруды және (немесе) мемлекеттік орман қоры жерлерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюды реттейтін нормаларды нақтылау бөлігіндегі түзетулер мынадай редакцияда қолдау табады:

«1-1-тармақ. Орман қоры жерлерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру айрықша жағдайларда ғана, Қазақстан Республикасының орман және жер заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған орман орналастыру және жерге орналастыру материалдарының негізінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде тек мыналармен байланысты жағдайларда ғана рұқсат етіледі:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту;
- 2) халықаралық міндеттерді орындау;
- 3) жер учаскесінің астынан пайдалы қазбалар табылғанда және оларды әзірлеуде балама нұсқалар болмаған жағдайда;
- 4) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль және темір жолдар, электр желілері және магистральдық құбырлар құрылысын салу;
- 5) оларды орналастырудың басқа нұсқасы болмаған жағдайда қоныстар шегінің өзгеруі, елді мекендер шекараларының (шегі) өзгеруі.».

Салыстырмалы кестенің 17-тармағы бойынша

ОК 54-бабының жаңа 1-1-тармағына мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес жұмыстарды жүргізуді реттеу бөлігіндегі түзетулер мынадай редакцияда ішінара қолдау табады:

«1-1. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде уранды жерасты ұңғылап шаймалау әдісімен өндіру уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, осы Кодекске сәйкес кейіннен бүлінген жер учаскелерін қайта қалпына келтіріп, оларды орман иеленушіге бере отырып, оларды басқа санаттағы жерлерге аударусыз жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман қорында уран өндіру үшін жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын әзірлеудің алғашқы үш жылы ішінде орман

екпелерін өтемдік отырғызуды жүргізуге және оларды пайдаланылатын учаскеден екі есе мөлшерде орманмен көмкерілген аумаққа аударуға дейін күтіп қарауға міндетті.

Салыстырмалы кестенің 44-тармағы бойынша

Аквадақылдар (акваөсіру) бөлігіндегі түзетулер ішінара қолдау табады, сонымен бірге, ЭК-нің 32-бабы 2-тармағына түзетуді мынадай редакциядағы жаңа 2-1-тармақ түрінде жазуды орынды деп есептейміз:

«2-1. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру және балық аулау өнімдерін, жабайы өсімдіктерден алынған өнімдерді және оларды өңдеу өнімдерін, оның ішінде тамақ өнімін өндірушілер экологиялық таңбалауды «Органикалық өнім өндіру туралы» Заңға сәйкес ерікті негізде жүзеге асырады.

Бұдан басқа ЭК 32-бабы 3-тармағының өндірушілердің және басқа өндіріс саласындағы экологиялық таңбаны басу қызметін регламенттейтінін және оның тәртібін анықтайтынын назарға ала отырып, 3-тармақты «Өндірушілер» деген сөзден кейін «осы баптың 2-1-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда,» деген сөздермен толықтырғанды қажет деп есептейміз.

Салыстырмалы кестенің 87-тармағы бойынша

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабындағы өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер түрлерін жинауға тыйым салу туралы шешім қабылдау бөлігіндегі түзету мынадай редакцияда қолдау табады:

«27-бап. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің құзыреті

1. Облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

35) дәрілік өсімдіктер мен өсімдік тектес техникалық шикізатты жинауға тыйым салу және оны жою туралы шешім қабылдайды;».

Салыстырмалы кестенің 107-тармағы бойынша

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңға (бұдан әрі – Жануарлар дүниесі туралы заң) уәкілетті органға тірі жабайы жануарларды, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар санатына жатқызылған жануарлар түрлерін экспорттауға лицензия беру бойынша құзырет беру бөлігіндегі түзету жалпы қолдау табады.

Сонымен бірге, ЕЭК Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне («Тарифтік емес реттеу шаралары туралы» (№5, 6 қосымша) сәйкес келтіру бөлігінде норманы түзету талап етіледі. Осыған байланысты, 9-баптың 1-тармағының жаңа 77-12) тармақшасын мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«77-12) тірі жабайы жануарлардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген сирек кездесетін және құрып кету

қаупі төнген тірі жабайы жануарлар түрлерінің экспортын лицензиялауды жүзеге асырады;».

Салыстырмалы кестенің 108-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы заңға уәкілетті органға жабайы аң-құс өсіру және фермерлік аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын бекіту бойынша құзырет беру бөлігінде түзету тұжырымды қолдау табады.

Сонымен қоса, бизнесті қайта реттеу бойынша мемлекет жүргізіп отырған саясатпен үйлестіру мақсатында Жануарлар дүниесі туралы заңның 9-бабы 1-тармағының 69) тармақшасын мынадай редакцияда жазғанды орынды деп санаймыз:

«69) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау, өсіру және тасымалдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».

Салыстырмалы кестенің 125 және 134-тармақтары бойынша

«Мақта саласын дамыту туралы» Заңның 4-бабының 6-тармақшасына және 11-бабына түзетулер тұжырымды қолдау табады.

Сонымен бірге, бизнесті қайта реттеу және әкімшілік кедергілерді төмендету бойынша мемлекет жүргізіп отырған саясатты ескере отырып, мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«Мақта саласын дамыту туралы» Заңның 4-бабының 6-тармақшасы:

«б) аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтарының) шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын, шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін) және мақта талшығының сапа паспортының нысанын (үлгісін), сондай-ақ мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын сақтау;»;

«Мақта саласын дамыту туралы» Заңның 11-бабы:

«11-бап. Мақта талшығының сапасын сараптау

1. Мақта талшығының сапасын сараптауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) жүзеге асырады.

Мақта талшығының сапасын сараптауды аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) мақта талшығының әрбір бумасы бойынша (бума бойынша) жүзеге асырады.

2. Мақта талшығының сапасын сараптауды осы Заңның 7-бабы 5) тармақшасының үшінші абзацында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) жүзеге асырады.».

Салыстырмалы кестенің 2, 3, 4, 9, 10, 12, 18, 20, 23, 24, 26, 27, 34, 37, 42, 43, 45, 47, 48, 49, 50, 53, 54, 55, 56, 59, 68, 84, 85, 92, 98, 106, 110, 111, 113, 114, 136, 140, 141, 142, 147, 150-позициялары бойынша түзетулер қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 2-тармағы бойынша

ЖК-не аң аулау объектісі, оның ішінде аң аулау мақсатындағы жануарларды өсіру үшін уақытша қайтарымды жерді оннан қырық тоғыз жылға дейін пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының жеке және заңды

тұлғаларына беру бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды.

Аң аулау үшін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану мақсатында жер учаскесін беру мәселесін қарауды қолда бар жер қорын талдау бойынша іс-шаралардың және жерлердің сапалық жағдайын зерттеп-қарау аяқталғанға дейін кейінге қалдырған орынды деп есептейміз, оның нәтижесінде топырақтық және геоботаникалық карталар жасалатын болады. Аталған жұмыстар 2021 жылдың соңына дейін аяқталады.

Салыстырмалы кестенің 3, 140, 141, 142-тармақтары бойынша

ЖК-нің 97-бабына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспортына енгізілген деректердің мәліметтерін кейіннен жер пайдаланушылардың қаражаты есебінен жаңарту бөлігіндегі түзетулер, сондай-ақ «Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңға түзетулер қолдау таппайды, себебі онымен кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша міндеттемелер жүктеледі, бұл өз кезегінде мемлекет жүргізетін бизнесті қайта реттеу және әкімшілік кедергілерді азайту бойынша саясатқа сәйкес келмейді.

Салыстырмалы кестенің 4-тармағы бойынша

ЖК-не шаруашылық серіктестіктердің немесе өндірістік кооперативтердің қатысушылары (мүшелері) құрамынан шыққан кезде заттай бөлінген жер учаскесін иеліктен шығару жөніндегі мәмілеге қатысты норманы енгізу бойынша түзету ЖК 33-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген негіздер сәйкес қолдау таппайды (*уақытша жер пайдалану құқығымен берілген жер учаскелерімен шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін, сондай-ақ шаруашылық серіктестігінің жарғылық қорына салым ретінде, акционерлік қоғам акцияларының төлемі немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде беруге қатысты мәмілелер жасасуына жол берілмейді*).

Салыстырмалы кестенің 9 және 12-тармақтары бойынша

ОК-нің 11 және 13-баптарына түзетулер орман қорында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесінен уәкілетті орган ведомствосын, сондай-ақ мемлекеттік орман қорында жұмыс жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі уәкілетті органның құзыретін алып тастау бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарлығында (бұдан әрі – Жарлық) мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажыратуға негізделген мемлекеттік басқарудың принциптері айқындалған, соған байланысты уәкілетті орган ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ бұйрықтарды, қағидаларды және басқа да салалық құжаттарды бекітеді.

Салыстырмалы кестенің 10-тармағы бойынша

ОК-нің 13-бабына рұқсат беру бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, себебі Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа сәйкес тарифтік емес реттеу саласында рұқсат беру тәртібі тек үшінші елдермен сауда-саттықта қолданылады.

Салыстырмалы кестенің 18-тармағы бойынша

ОК-нің 54-бабына орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік орман қорында жүргізу бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды, себебі Салыстырмалы кестенің 17-тармағында көзделген түзету қолдау табады.

Салыстырмалы кестенің 20-тармағы бойынша

ОК-нің 67-бабының 2-1-тармағындағы түзету қолдау таппайды, себебі заң жобасының үкімет нұсқасында аталған тармаққа тиісті тізбені бекіту бойынша уәкілетті органның құзыреті бөлігіне өзгерістер енгізілуде.

Салыстырмалы кестенің 23, 24, 26, 27 және 34-тармақтары бойынша

СК-нің 1 және 37-тармақтарында көзделген түзетулерде топтық су құбырларын, сол сияқты елді мекендерді сумен жабдықтаудың барлық кентішілік желілерін жобалау, салу, жөндеу, реконструкциялау және күтіп ұстау бойынша құзыретті бір мемлекеттік органның, атап айтқанда Ауыл шаруашылығы министрлігінің шеңберінде біріктіру ұсынылған.

Себебі мемлекеттік органдар арасында өкілеттер және құзыреттерді қайта бөлу мемлекеттік органдарға функционалдық талдау жүргізуді қажет ететіндіктен, аталған кезеңде түзету қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 37-тармағы бойынша

СК-нің 103-бабы 5-тармағына түзету қолдау таппайды, себебі СК-нің 66-бабы 5-тармағына сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсатты уәкілетті органның өңірлік органдары береді, онда суды пайдалану мерзімдері көрсетіледі.

Салыстырмалы кестенің 42, 43, 47, 48, 53, 54, 55-тармақтары бойынша

ЭК өндіріс және тұтыну қалдықтары бөлігіне, сондай-ақ Қылмыстық кодекстің өткізілген тауарлардың, мәдени құндылықтарды және стратегиялық маңызды тауарлардың құны бөлігіндегі, ӘҚБТК әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындаған дауларға (жанжалдарға) қатысты 85-бабына түзетулер қолдау таппайды, себебі заң жобасының тұжырымдамасының мәні болып табылмайды.

Салыстырмалы кестенің 45-тармағы бойынша

ЭК-ке экологиялық таңбалау бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды, себебі ауыл шаруашылығы өнімдерінің экологиялық өндірісі және таңбалануы, акваөсіру және балық аулау, жабайы өсімдіктер мен оларды қайта өңдеу өнімдері, оның ішінде тамақ өнімдері мәселелері «Органикалық өнім өндіру туралы» Заңында реттелген.

Салыстырмалы кестенің 49-тармағы бойынша

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес

акционерлік қоғамын және оның еншілес ұйымдарын мемлекеттік тапсырманы орындауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар қатарына қосу (Бюджет кодексінің 41-бабының 1-тармағы) қолдау таппайды, себебі қолданыстағы заңнама жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларға монополияға қарсы орган және «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының оң қорытындысы болған жағдайда мемлекеттік тапсырысты орындауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы кестенің 50-тармағы бойынша

Су және балық шаруашылығы саласында тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден кіріс алатын мемлекеттік мекеме жоқ, осыған байланысты Бюджет кодексінің 70-бабы 1-тармағына «Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден ақша» түзетуі қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 56-тармағы бойынша

ӘҚБтК-нің 342-1-бабына мемлекеттік жер кадастрын жүргізу саласындағы бұзушылықтар және олардың қайталануы үшін айыппұл санкцияларының мөлшерін ұлғайту бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды, себебі, ол жүргізіліп жатқан ізгілік саясатына сәйкес келмейді, сондай-ақ, айыппұл мөлшерін ұлғайту жолымен жазалау шараларын қатандату көбінесе жол берілетін бұзушылықтар себептерінің жойылуына алып келмейді.

Салыстырмалы кестенің 59-тармағы бойынша

ӘҚБтК-нің 786-бабына ведомстволық бақылауды алып тастау бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, себебі орман қорын күзету, қорғау, пайдалану саласында ведомстволық бақылау жүргізу ОК-нің 69-бабында көзделген.

Салыстырмалы кестенің 68-тармағы бойынша

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңға «таза тұқымды мал» деген ұғымды алып тастауға қатысты түзету қолдау таппайды, себебі көрсетілген ұғымның болмауы көрсетілген Заң нормаларын әртүрлі түсінуге алып келуі мүмкін.

Салыстырмалы кестенің 84-85-тармақтары бойынша

«Астық туралы» Заңның 6-бабы 32-5) тармақшасына және 6-1-бабы 9-1) жаңа тармақшасына өңірлер бойынша астықтың азық-түлік ресурстарын олардың азық-түлік қажеттіліктеріне сәйкес бөлуді қадағалау мен бақылауды және астық қабылдау кәсіпорындарының материалдық-техникалық жағдайын қадағалауды іске асыруды уәкілетті органның құзыретіне қосу бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды.

Астық нарығы саласында КК-ге сәйкес қадағалау іске асырылмайды, бұдан басқа жаңа бақылау-қадағалау функцияларын енгізу бақылау-қадағалау функциялары ауқымды ревизия саласында жүргізіліп жатқан саясатына қайшы келеді.

Салыстырмалы кестенің 92-тармағы бойынша

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабы

б) тармақшасына түзету «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Заңның қабылдануына байланысты қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 98-тармағы бойынша

«Ветеринария туралы» Заңға ветеринария саласында нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесі бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды, себебі «Ветеринария туралы» Заңның 9-бабымен үйлеспейді.

Салыстырмалы кестенің 106-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы заңға уәкілетті органға аңшылық және балық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін сервитуттар белгілеу қағидаларын бекіту бойынша құзырет беру бөлігіндегі түзету қолдау таппайды.

ЖК-ге сәйкес сервитут бөтен жер учаскелерін шектеулі нысаналы пайдалану, оның ішінде жаяу өту, көлікпен өту, қажетті коммуникацияларды тарту мен пайдалану, аңшылық шаруашылығы және балық шаруашылықтары және өзге де мұқтаждар үшін пайдалану құқығын береді.

Бұл ретте жеке және заңды тұлғалардың құқықтық субъектілігіне, жеке және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, міндеттері мен жауапкершіліктеріне қатысты нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес заңдар деңгейінде бекітіледі. Осыған байланысты, аңшылық шаруашылығы және балық шаруашылығы үшін сервитуттарды бекіту қағидаларын уәкілетті орган айқындай алмайды.

Салыстырмалы кестенің 110-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы заңның 22-1-бабына балық ауруларын зерттеу және халықтың описторхоз жұқтыруының алдын алуға қатысты түзету қолдау таппайды.

Қолданыстағы заңнамада паразиттік ауруларды алдын-алу бойынша ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар көзделген, олар мыналарды қамтиды: анықтауды бақылау, науқастарды және паразит тасымалдаушыларды есепке алу, паразиттік аурулардың қоздырғыштарына санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтеу, халықты гигиеналық оқыту.

Сонымен қатар, жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар, оның ішінде балық шаруашылығы саласында қазіргі уақытта ғылыми зерттеу ұйымдастыруды жүзеге асыруда.

«Описторхоз» балық ауруына келсек, бұл аурудың алдын-алу шаралары халық арасында балық дайындауда қажетті гигиеналық талаптарды сақтаумен сәйкес келеді, өйткені оны дайындау барысында температураны сақтаған жағдайда ($40^{\circ}C$ жоғары) паразиттердің личинкалары өледі және адамға жұғу қаупі болмайды.

Салыстырмалы кестенің 111-тармағы бойынша

Жануарлар дүниесі туралы заңға аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың әрекетін тоқтату негіздері бөлігіндегі түзету қолдау таппайды.

Азаматтық кодекстің 378-бабына сәйкес екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады.

Шарттың бостандығы азаматтық құқықтың негізгі қағидаты және шартта, одан қандай да бір негіздемемен немесе негіздемесіз бас тарту құқығын көздеу мүмкіндігі көзделеді, тараптар шарт қарым-қатынастарын орнатуда және әрекетін тоқтатуда еркін. Тараптар шартта оның әрекетін тоқтату негіздерін белгілеуі мүмкін және кез келген жағдайда тараптар шарттың әрекетін келісім бойынша тоқтата алады.

Салыстырмалы кестенің 113-тармағы бойынша

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңға АӨК және ауылдық аумақтар саласындағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру жөніндегі шаралардың тиімділігін талдау және олар бойынша ұсыныстар әзірлеу бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган «Ғылым туралы» заңға сәйкес стратегиялық маңызды мемлекеттік тапсырмаларға бағытталған ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген тапсырмаларды және республиканың ауыл шаруашылығы өндірушілерінен келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, АӨК негізгі салалары бойынша 2018 – 2020 жылдарға ғылыми-техникалық бағдарламалар қалыптастырылған, оның ішіне мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру тетіктерін даярлау қосылған ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы мәселелері енгізілген.

Салыстырмалы кестенің 114-тармағы бойынша

Автожолдар бойындағы екпелер мемлекеттік орман қоры құрамына кіреді және аталған екпелерді өсіру ОК-нің 112-1, 112-2, 112-3-баптарында реттелген. Осыған байланысты «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 5) тармақшасына автожолдар трассасы бойында көпжылдық қарақат өсіру бөлігіндегі түзетуге толықтырулар енгізу қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 136-тармағы бойынша

«Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңға тамақ өнімдерінің ұғымын ретке келтіруге қатысты түзетулер қолдау таппайды, себебі осы Заңның 27) тармақшасына сәйкес адам үшін тамақ көздері болып табылатын жануарлар пайдаланатын азық және азық қоспалары тамақ өнімдеріне жатады.

Салыстырмалы кестенің 147-тармағы бойынша

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нормасын ЕЭК комиссия Алқасының «Тарифсіз реттеу шаралары туралы» 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен сәйкес келтіру бөлігіндегі түзету қолдау таппайды, себебі аталған шешім бойынша көрсетілген тауарларды әкелуге рұқсаттар беру регламенттелмейді.

Салыстырмалы кестенің 150-тармағы бойынша

«Органикалық өнім өндіру туралы» Заңға түзетулермен органикалық өнім өндірушілерге мемлекеттік қолдау, оның ішінде салалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру арқылы толықтыру ұсынылады.

Ұсынылып отырған өзгерістер бекітілген Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес келмейтіндігін, органикалық өнім өндірушілер үшін мемлекеттік қолдау шараларын қысқартатынын ескере отырып, түзету қолдау таппайды.

Салыстырмалы кестенің 7, 19, 46, 51, 52, 60, 61, 62, 63, 67, 71, 81, 82, 83, 90, 91, 101, 105, 109, 137, 138, 139, 143, 144, 148-тармақтары бойынша

ЭК-ге, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, КК-ге, ОК-ге, «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы», «Өсімдіктер карантині туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының Патент Заңы», «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Ветеринария туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік статистика туралы», «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына мемлекеттік монополияға жатқызылған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеу тәсілдемелерін өзгерту бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды.

Мемлекеттік монополияға жатқызылған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) ғана бағаларды мемлекеттің реттеуі бөлігінде ұсынылатын тәсілдемені іс жүзінде іске асыру кезінде мемлекеттік монополия субъектілері технологиялық байланысты қызмет түрлеріне бағаларды өздігінен белгілейтін және оларды жеке кәсіпкерлік субъектілерімен қатар көрсететін болады, бұл бизнес кіріскен экономиканың салаларына мемлекеттің араласпауын көздейтін «Yellow Pages» қағидаттарына қайшы келеді.

Салыстырмалы кестенің 69, 70, 77, 78, 79, 145-тармақтары бойынша

«Өсімдіктер карантині туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарға түзетулер тұқым мен карантиндік арамшөптер тұқымдарын өміршеңдігінен айыруды және/немесе зарарсыздандыруды және ағаш қаптама материалдарды таңбалауды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша

астықты өңдеуді және оның өнімдерін өңдеуді жүзеге асыратын жұмыс жасайтын ұйымдарға есеп нөмірін беру көзделеді.

Ұсынылып отырған түзетулерде кәсіпкерлік субъектілерге талаптарды күшейту белгілерінің болуын ескере отырып, сондай-ақ КК-нің 82-бабы 1 және 3-тармақтарының талаптарын назарға ала отырып, реттеушілік әсерді талдауды жүргізу және оның нәтижелерін Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссияда қарау қажет.

Осыған байланысты аталған түзетулер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің позициясы қосымша ұсынылатын болады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, заң жобасын Парламентте одан әрі қарауға болады деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**



Б. Сағынтаев



201 жылғы

Астана, Үкімет Үйі

от «7» сентября 201 8 года

№ _____

№ 11-9/1112 зп

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

*На № 8-5-299
от 24 апреля 2018 года*

**Заключение
на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики
Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений
и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан
по вопросам регулирования агропромышленного комплекса»**

Рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования агропромышленного комплекса» (далее – законопроект), сообщаем следующее.

Поправки депутатов не противоречат положениям Конституции, не повлекут отрицательных социально-экономических последствий и не предполагают увеличение государственных расходов или сокращение государственных доходов республиканского и местных бюджетов.

Поправки депутатов по позициям 6, 13, 14, 15, 21, 22, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 38, 39, 40, 41, 57, 58, 64, 65, 66, 72, 73, 74, 75, 76, 80, 86, 88, 89, 93, 94, 95, 96, 97, 99, 100, 102, 103, 104, 112, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 135, 146, 149, 151 Сравнительной таблицы поддерживаются.

Данные поправки в Земельный кодекс (далее – ЗК), Лесной кодекс (далее – ЛК), Водный кодекс (далее – ВК), Экологический кодекс (далее – ЭК), Кодекс об административных правонарушениях (далее – КоАП), Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (далее – НК), законы «О безопасности пищевой продукции», «О карантине растений», «О зерне», «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О защите растений», «О ветеринарии», «О семеноводстве», «О государственном регулировании

